

"2019-2021 жылдарға арналған Октябрьск кентінің бюджеті туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 42/8-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2019 жылғы 20 қарашадағы № 56/6-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 қарашада № 6303 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 5 қаңтардағы № 61/6-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 05.01.2020 № 61/6-VI шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) .

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "2019-2021 жылдарға арналған Алтай ауданының аудандық бюджеті туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 41/2-VI шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2019 жылғы 5 қарашадағы № 55/2-VI шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6271 тіркелген) сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2019-2021 жылдарға арналған Октябрьск кентінің бюджеті туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 42/8-VI шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-12-183 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 15 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1, 2, 4 - тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Октябрьск кентінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 - қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 27539,6 мың теңге, соның ішінде:
салықтық түсімдер – 10982,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 78,0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
трансферттер түсімі – 16479,6 мың теңге;
2) шығындар – 29611,0 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, соның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -2071,4 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2071,4 мың теңге, соның ішінде:
қарыздар түсімі – 0 теңге;
қарыздарды өтеу – 0 теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2071,4 мың теңге.

2. 2019 жылға арналған Октябрьск кентінің бюджетінде аудандық бюджеттен 4762,6 мың теңге сомада субвенциялар көлемі қарастырылсын.

4. 2019 жылға арналған Октябрьск кентінің бюджетінде республикалық бюджеттен 1717,0 мың теңге сомада нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі қарастырылсын.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Алтай ауданының мәслихат хатшысы

Д. Фаустов

Л. Гречушникова

Алтай

ауданының мәслихатының

2019 жылғы 20 қарашадағы

№ 56/6-VI шешіміне қосымша

Алтай

ауданының мәслихатының

2018 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 42/8-VI шешіміне 1- қосымша

2019 жылға арналған Октябрьск кентінің бюджеті

Санаты		Сомасы (мың теңге)
Сыныбы		
Ішкі сыныбы		

		Кірістер атауы	
		I. Кірістер	27539,6
1		Салықтық түсімдер	10982,0
	01	Табыс салығы	2100,0
		2 Жеке табыс салығы	2100,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	8882,0
		1 Мүлікке салынатын салықтар	90,0
		3 Жер салығы	746,0
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	8046,0
2		Салықтық емес түсімдер	78,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	78,0
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	78,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4		Трансферттер түсімі	16479,6
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	16479,6
		3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	16479,6

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
Функциялық кіші топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Шығындар атауы	
		II. Шығындар	29611,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	16664,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	16664,0
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	16664,0
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14088,0
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2576,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	10447,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	10447,0
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10447,0
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	279,0
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	168,0
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	10000,0
12		Көлік және коммуникация	2500,0
	1	Автомобиль көлігі	2500,0
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2500,0
		013 Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2500,0

		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V.Бюджет тапшылығы (профициті)	-2071,4
		VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2071,4
7		Қарыздар түсімі	0,0
16		Қарыздарды өтеу	0,0
1		Қарыздарды өтеу	0,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
	056	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	0,0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2071,4
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	2071,4
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2071,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК